

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2013 жылғы 4 қазандағы № 155 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 қазанда № 4279 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2021 жылғы 17 қарашадағы № 82 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 17.11.2021 № 82 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар) үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) жеке оқыту жоспары бойынша ай сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынсын.

2. Мыналар айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу "Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүргізіледі;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне ұсынылады (бұдан әрі - алушы);

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

өтінішті;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін);

психологиялық - медициналық - педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;

банк шотының нөмірі туралы мәлеметтерді растайтын құжатты;  
оқу орнының мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын анықтамасын ұсынады.

Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқада және көшірмеде ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары алушыға қайтарылады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тиісті оқу жылы ағымында жүргізіледі, әрбір кемтар балаға (балаларға) ай сайын көрсетіледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 29.10.2014 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.05.2020 № 405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2013 жылғы 2 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таратады.

Кезектен тыс сессияның төрайымы,

қалалық мәслихат хатшысы

Г. Жарылқасымова

КЕЛІСІЛДІ

"Лисаков қаласы әкімдігінің

жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Г. Бермухамбетова

"Лисаков қаласы әкімдігінің қаржы

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

басшысы

\_\_\_\_\_ Г. Ткалич

"Лисаков қаласы әкімдігінің

экономика және бюджеттік

жоспарлау бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Н. Турлубекова